

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Атың шықпаса Тик токқа кір

ЖАРИЯЛАНДЫ
02.12.2022СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/127395/

Қазіргі уақытта Қытайда шыққан «Тикток» әлеуметтік желісі белсенді дамуда. Интернетте Тикток Facebook, YouTube, Instagram желісін

пайдаланушылар саны бойынша оны артқа қалдыруда. Аты күдік тудырмаса да, кірейін десең, бетіңізді шымшитыныңыз анық. Tik-tok желісі жастардың алтын уақытын ұрлауда. «Атың шықпаса, жер өрте» деген мақал нақ осы тик-ток қолданушыларына арналғандай. Таңнан кешке шейін мәнсіз видеолар түсіріп, онымен қоймай қаралым, лайк үшін қыздар жалаңаштануға дейін барып, жігіттер ерсі қылыштарымен елдің есін шығаруда. Біреулер жәй қызық үшін видео түсірсе, біреулері сол арқылы ақша табудың жолын нйреніп алған. Тик-ток желісінде феминизм мен лгбт қоғамдастығын қолдайтын кәмететке толмаған жастар өте көп және атеисттік дінім сенімдерде бар, яғни ози Құдайға сенбегенімен қоймай, Құдайды жок деп балағаттап жататындарда кездеседі. Өз елінде турғысы келмей,

және онын тұрғындарын, тіпті, діні мен ділін жамандайтын адамдар тик-токта біршама. Онымен қоймай шығарма жазғанда өздерінше патриотпыз деп кояды. Өз жерінен түңіліп кететіндей жастарға не болған деп ойлап коямын. Әрине, бұл үйдегі тәрбиенің дұрыс бол-мауынан немесе әлеуметтік желілердін зиянынан. Жалпылай айтқанда «Тік-Ток» желісі надандықтың, сауатсыздыө пен арсыздықтың ортасы. Бұл желіде жақсы дүниелер, уағыздар да салынып тұрады, бірақ олардың қаралым

саны мәнсіз видеолардың қасында 2 есе, тіпті 10 есе аз десемде болады. Кейбір керікеткен қарттан, еңбектеген балаға дейін колданатын желінің не пайдасы бар екен деп өзімде кіріп көремін. Жақсы дүниелерден көрі, пайдасызы көптеп кездеседі. Үлкен кісілерде, жастарда өзінің видеоларының ерсі және ессіздік екенін білмейді ме? Мысалы, тиктоктағы кез-келген видеомен қазақтың әсерлі термесін салыстырып, фейсбук желісіне уақыттарын бірдей қылып салсақта, әлгі ой түйерлік жырды немесе термені емес, түк мағынасы жоқ тик-токты керіпті. Бұл мәдениетіміздің темендеген деген сезі емеспе?

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.